

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 ақпанда № 5478 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 08.05.2019 № 150 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ж. Селихановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Г. Ақулов*

Бородулиха ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "18" қаңтар  
№ 20 қаулысына қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі**

Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Ж ұ м ы с орындарының квота мөлшері (%)	Ж ұ м ы с орындарының саны (адам)
"Бородулиха аудандық орталық аурухана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	498	1	4
"Н. Островский атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	82	2	1
"Бородулиха жалпы білім беретін қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	69	2	1
ШҚО білім басқармасы "Бородулиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	39	3	1
"Сахновка ауылының толық емес орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	24	4	1